

## 6B03101 ӘЛЕУМЕТТАНУ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Жұмыс берушінің талаптары мен еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмысының негізін білетін, өз бетінше аналитикалық және консалтингтік қызметтерді атқарып, әлеуметтану мен маркетингтік зерттеулерді функционалды қамтамасыз етуге қабілетті кәсіби құзыретті маман даярлау.

### **УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ**

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

6B03101 Әлеуметтану білім беру бағдарламасы оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады. Білім беру бағдарламасы 6B031 Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша даярлаудың қазіргі заманғы отандық және әлемдік тәжірибелерді ескеріп, мамандандыру саласындағы авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктер мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып әзірленді.

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Академиялық ұтқырлық	Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (АҚШ)
----------------------	---

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Менеджер-аналитик
--	-------------------

### **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

1. Стэнфорд Университеті - 71,84%,
2. Нийде Университеті (Түркия) - 89,48%
3. Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті - 82,6%
4. Порту Университеті (Португалия (U.Порто) – 59,8 %

### **БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

- қоғамдық пікірді зерттейтін компанияларда әлеуметтанушы-практик жұмысына;
- мемлекеттік және муниципалдық билік органдарында әлеуметтанушы-талдаушы жұмысына;
- орта және жоғарғы оқу орындарында қоғамдық және әлеуметтік пәндер оқытушысы;
- ғылыми-зерттеу орталықтарында, ғылым академиясының бөлімшелерінде әлеуметтанушы-зерттеуші;
- Еңбек және әлеуметтік қорғау департаментінің маманы;
- маман, әкімдіктердің әлеуметтік бөлімдерінде басшы;
- білім беру ұйымдарында әлеуметтанушы;
- ірі жергілікті және халықаралық компаниялардың аналитикалық басқармаларында әлеуметтанушысы-кеңесшісі;
- талдамалық әлеуметтік орталықтарда және консалтингтік компанияларда маркетингтік;
- қосымша арнайы білім алған кезде өндірістік ұйымның менеджері;
- демография және көші-қон бөлімдеріндегі демограф;
- әлеуметтік бағдарланған үкіметтік емес ұйымдардағы әлеуметтік қызметкер;
- әкімдіктерде, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменттерінде әлеуметтік қызметкер;
- әлеуметтік қызмет басшысы;
- сайлау науқандарында қоғамдық пікірді және оның компоненттерін зерттейтін маман;
- public relations (қоғаммен байланыс) және жарнамалық науқанды енгізудің тиімділігін бағалаушы;
- кадр қызметтерінде;
- кәсіпорындардың маркетингтік бөлімдерінде маркетингтік талдау жүргізетін әлеуметтанушы;
- БАҚ және баспа бизнесінде рейтингтік мәліметтерді құрастыратын әлеуметтанушы;
- қаржы-несие мекемелерінде сарапшы маман;

### **КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

6B03101 Әлеуметтану бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

#### **1 кәсіби құзыреттілік саласы**

Сарапшы және талдаушы құзыреттілігі: аналитикалық шешімдерді, сараптамалық қорытындылар мен ұсынымдарды дайындау үшін деректерді өңдеу және талдауға, қоғамдық пікірді зерделеу, маркетингтік қызметтердің жұмысын ұйымдастыру саласында жобалау жұмыстарын жоспарлауға және жүзеге асыруға, ұсынуға дайын

#### **2 кәсіби құзыреттілік саласы**

Қоғамдағы құбылыстар мен процестерді зерттеудің әртүрлі әдістері мен техникаларын меңгерген әлеуметтік процестерді зерттеуші құзыреттілігі қалыптасқан.

### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушысы құзыреттілігі: әлеуметтануды оқыту үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқу сабақтарын өткізуге қабілетті.

#### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** Кәсіби қызмет пен өз елінің азаматы мен патриоты болуы үшін адалдық, шынайылық, еңбекқорлық және парасаттылық сияқты қасиеттерге ие болады.

**ОН 5** Әлемдік және отандық әлеуметтану білімі дамуының негізгі бағыттары мен тенденцияларының дамуын, қалыптасуын меңгерген.

**ОН 6** Әлеуметтанулық білімді қазіргі заманның жаһандық мәселелерімен байланыстыра отырып, әлеуметтанулық білім саласындағы математикалық модельдеуді қолданып, проблемаларды шешу және пайымдаулар құру тұжырымдамасын жасауға түсінік қалыптасқан.

**ОН 7** Әлеуметтанулық кәсіби іс-әрекетте пайдаланылатын ақпараттарды жинауда компьютерлік бағдарламаларды қолданып, кеңес бере алады және оны ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдаланады.

**ОН 8** Әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асырады, әлеуметтанулық және демографиялық мәліметтерге салыстырмалы, контент-анализдік т.б. талдап, болжам жасайды.

**ОН 9** Негізгі әлеуметтік көрсеткіштерді анықтауда, әлеуметтік шынайылықта әлеуметтанулық болжамды пайдалану әдісінде, индивидтер мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік үлгілерін және құндылықты бағыттарын анықтауда сараптамалық зерттеулер арқылы қарастыруға дағды қалыптасқан.

**ОН 10** Қоғамдық процестердегі өзгерістерді талдау барысында әлеуметтік жағдайларға және әлеуметтік зерттеу әдістеріне сыни тұрғыдан қорытынды баға береді.

**ОН 11** Сараптама, маркетинг және әлеуметтік консалтинг нарығында әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыруға және жүргізуге, ұсынуға қабілетті.

**ОН 12** Қоғам құрылымының жақсаруына байланысты қарама-қарсы қасиеттер мен тенденцияларды дұрыс бағытта өзгерту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру қабілеті бар.

#### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1	+	+	+									
ТА 2	+	+		+								
ТА 3							+	+		+		+
ТА 4	+	+				+					+	
ТА 5	+				+		+		+	+	+	
ТА 6	+	+						+	+	+		+

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 255 бұйрығымен бекітілген «Еңбек әлеуметтануы (ұйымдардағы әлеуметтанулық зерттеулер)» Кәсіби Стандарты негізінде әзірленді;

2) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.